

Қожа Ахмет Ясаун атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті


Спорт факультеті

«Дене мәдениеті» кафедрасы

«Дене мәдениеті» кафедрасының 2025-2026 оқу жылы тәлімгерлерлік тәрбие
жұмыстарының жарты жылдық

ЕСЕБІ

Аға тәлімгер: «Дене мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы
Кеңесбай Аңсат

Кафедра мәжілісінде қаралып,
№5 хаттамасымен бекітілді
Кафедра меңгерушісі
 А.И. Алтынбеков
«05» 01 2026 жыл

ТҮРКІСТАН 2024

1. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бағыты бойынша.

Бүгінгі таңда университет студенттеріне әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, студенттердің рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру және университет қабырғасында әр студенттің тәрбиелік мәдениеттілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру университеттің тәрбие жұмыстарының ережесінің міндетіне айналып, бүгінгі студенттердің тәрбиесіне зор үміт артып отыр. Бүгінгі таңда Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тәрбие жұмыстарының ережесіндегі негізгі басты мақсатын айқындап қойған.

2. Мәдени, тәрбиелік және қоғамдық іс-шаралар бағыты бойынша.

«Дене мәдениеті» кафедрасы (МДШ-411, МДШ-412, МДШ-211, МДШ-311, 312 және 313) топтарында атқарылатын тәлімгерлік жұмыс жоспары кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілді. Студенттердің әлеуметтік жағдайымен танысып, топтағы белсенді студенттер тағайындалды. Студенттердің сабаққа уақтылы кешікпей келуін, сабақ үстінде материалды мұқият тыңдап, жазып отыруы қадағаланды. Студенттердің киім кию мәнері, адамгершілік, имандылық, көпшілік ортада өзін ұстау, тіл байлығын жоғарылату, жоғары білімді азаматтың көпшілік алдындағы парызы сияқты мәселелерге жиі тоқталып, тәрбие сағатында қарастырылып отырды. Тарихи маңызы бар мұражайлар, ескерткіштер туралы студенттерге түсініктеме тәрбие сағатында айтылып отырды. Барлық топтарда әр айда екі рет тәрбие сағаты жоспар бойынша өткізілді. Студенттер №481 бұйрықпен таныстырылып, сессияның өтілу барысымен таныстырылды.

Қыркүйек айында 2-қыркүйек «Білім күніне» арналған салтанатты жиынға қатысу. Студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының жоспары жасалынды және топ басшысын тағайындау, студенттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы мәлімет алынып, мәліметтер деканатқа өткізілді.

МДШ 311, 312 және 313 топтарында студенттердің жалпы жиналыстары ұйымдастырылып, жалпы жиналыстарда студенттер арасынан топ басшыларын және топ белсенділерін талқылап дауыс беру арқылы тағайындаулар өткізілді.

Қазан айында Мұғалім күніне арналған мерекелік іс-шараларға қатысу, 25 қазан Республика күніне арналған мерекелік жиынға қатысу, «Мен таңдаған мамандық», «25 қазан республика күні» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Қараша айында «СПИД-ғасыр дерті» атты тәрбие сағаттары студенттердің ғылыми еңбектерін насихаттау туралы айтылды.

Желтоқсан айында 10 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған «Менің қазақстаным» атты ашық тәрбие сағатын өттім.

3. Қоғамдық тәрбие жұмысы бағыты бойынша.

Қоғамдық тәрбие бойынша ХҚТУ-нің тәрбие ісі жөніндегі вице-президенті А.Турғанбаевтың басқаруымен, қоғамдағы діни экстремизмге (нашақорлық, буддизм және т.б) қарсы күрес туралы іс-шараларға толығымен қатысып, топ студенттерімен тәрбие сағаттары өткізілді және де «Тіл мерекесіне байланысты» акция өткізілді.

4. Адамгершілік рухани тәрбие бағыты бойынша.

Тәлімгерлерді адамгершілік рухта Қазақстан Республикасындағы және бүкіл әлемдегі құнды, рухани игіліктерді бағалай білуге, әр ұлттың ұлттық дәстүрі, мәдениеті, тілі, әдебиеті және тарихымен таныстыру мақсатында тәлімгерлердің барлық топтарында тәрбие сағаттары жоспарға сәйкес ұдайы өткізіліп тұрады.

5. Ұлттық-рухани және патриоттық тәрбие жұмысы бағыты бойынша.

Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, ұлттың келешегі студент жастар. Қазіргі таңда өмір шындығы отбасынан басталып, әр бір студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына үлес қосудамын.

Әр ұлттың ұлттық дәстүрін, мәдинетін, тілін, әдебиетін, тарихын біліп, олармен студент жастарды сусындандыру, ұлт мәдениеті, әдепті жастарды қалыптастыру.

6. Салауатты өмір салты бағыты бойынша.

Салауатты өмір салты бойынша факультет және университет деңгейінде ұйымдастырылып өткізілген мәдени-спорттық іс-шараларға кафедра студенттері белсенді қатысты.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайту мақсатында «Дене мәдениеті» кафедрасы мамандығы студенттерінің арасында өткен кезекті спартакиадасында МДШ-011 студенттері 2-орын алды.



7. Эстетикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша.


Тәлімгерлерге өмірде жаман мен жақсыны, әділеттілік пен әділетсіздікті ажырата білуге тәлімгерлердің бойына эстетикалық талғам көзқарас сезімдерін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау және экологиялық мәселелерге арналған сенбіліктерге белсенді қатысу мақсатында кафедраның професорлық оқытушылық құрамы тәлімгерлермен үздіксіз тәрбие жұмыстарын жүргізуде.

8. Құқықтық тәрбие бағыты бойынша.

Мемлекет заңдарын білу және оған сый-құрметпен қарауға, ҚР Конституциясын білуге, университет тарапынан білімгерлердің құқығымен толық таныстырып оны құрметтеуге студенттердің қоғамдық орындарда және студенттік жатақханаларда тәртіп бұзушылыққа жол бермеу мақсатында ұдайы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының жарты жылдығында студентер арасында тәртіп бұзушылық орын алған жоқ (қайғылы жағдайлар қайтыс болғандар, жол апатына түскендер, т.с.с.). төтенше немесе қайғылы жағдайлар орын алған жоқ.

Аға тәлімгер:



магистр оқытушысы Кеңесбай Аңсат